

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**  
**БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ**  
**№56 «БЕРЕКЕ» БАЛАБАҚШАСЫ**

**ЖАТТАЙЫҚ! ӘҢГІМЕЛЕЙІК**

*Тәрбиешілерге арналған жинақ*

**НҰР-СҰЛТАН, 2022**

№56 «Береке» балабақшасының әдістемелік бірлестігінің кеңес отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы №2 Хаттама)

**Пікір берушілер:** Бадел А, Нұр-Сұлтан қаласы, п.ғ.к.  
Альтаева Ш.Қ, Тараз қаласы, п.ғ.м.

**Құрастырушылар:** Алипбаева Г. А, Напбаева Д. А. Жаттайық! Әңгімелейік Тәрбиешілерге арналған жинақ – Нұр – Сұлтан, 2022. – 11 б.

Жинақта тақпақтар мен ертегілер топтастырылып, ұйымдастырылған оқу қызметінде мнемокестелерді пайдалану жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, тақпақ пен ертегілерге құрастырылған мнемотехника әдісі арқылы әр тақырыпқа сай сурет түрінде көрнекі үлгісі берілген.

Жинақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне, мектепалды даярлық топ педагогтарыне, сонымен қатар ата-аналарға, логопед-дефектолог мамандарына арналған.

**МАЗМҰНЫ**

Кіріспе.....	4
1. Тақпақтар топтамасы.....	7
2. Ертегілер топтамасы.....	8
Пайдаланылған әдебиеттер.....	12

## **КІРІСПЕ**

Мнемотехника - тіл дамытуда тиімді есте сақтау,оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілеріне арналған мнемотехника әдістерін қолдану өзектілігінің негізінде құрастырылған бағдарламасын іске асыру мақсатында, бағдарламада берілген оқу тақырыптық жоспардың әрбір тақырыбына сәйкес мнемотехникалық тәсілдердің жинағы құрастырылды .

Жинақта мнемотехника тәсілдері - оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемосуреттерден бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту кезеңдері қарастырылған.

Жинақтың мазмұны - ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкері бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әңгіменің сюжеті. Ең бастысы – көрнекілік, тірек-сызба, бейнелеген суретіміз балаға түсінікті деңгейде жеткізу.

Схема - мнемокесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал болып табылады.

Жинақта берілген барлық мнемотехниканы қолданудағы материалдар, оқу тақырыптық жоспарлар Нұр-Сұлтан қаласы №56 «Береке» балабақшасында 2019-2022 жылдар аралығында тәжірбиеде қолданылған және сараптау кезеңінде жоғары деңгейдегі нәтиже көрсеткішін берген әдіс-тәсілдер жиынтығы.

Балабақшада ұйымдастырылған оқу қызыметінде сөздік қорын байытуға, әңгіме құруға үйретуге, жұмбақ жасыру және шешуде, өлең жаттауда қолданылады. Жинақта берілген материалдар балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерің байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады. Кестені қарап, онда не бейнеленгенін бақылау.

Мәліметтерді кодтандыру, белгі /символды/бір бейнемен сәйкестендіру. Колдандырылғаннан кейін әңгіме немесе ертегіні әңгімелеуге көшеді. Бұл суреттерді салу үшін суретші қабілетін білу керек емес: әрбір тәрбиеші символдық бейнелеуді жасай алады.

Негізі, мнемокесте - ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерлерінің немесе табиғат құбылысының суреті,болмаса өзіне белгілі заттың бейнесі.

Балалардың таным білімдерін тиімді есте сақтауы, хабарламаны сақтап және жаңғыртуы, тіл дамуын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер жүйесі. Осындай бір тұтастық жұмыс, балалардың сөздік қорын, түсінігін, сөйлемнің грамматикалық құрылымын, тілге тән дыбыстардың дұрыс айтылуын үйретеді. Мнемотехника – оңай жолдың қиынына қарай құрылады. Мнемокесте қарапайымнан басталып, күрделене түседі: мнемошаршы, мнеможол, мнемокесте.












Бастысы – бала өзі әңгіме құрамайды, алдындағы әңгімені қайталайды. Жалығып отырған балаларға осындай сабақ жүргізілуі және оң нәтиже беруі тиіс.

Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалды есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар, дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауды жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді.

## **1. ТАҚПАҚТАР ТОПТАМАСЫ**



АЛТЫН КҮЗ

			
Қарашы	күз	келді	
			
Жапырақ	жауынты		
			
Құс біткен	керуен		
			
қара	бұлт	қабағын	

АПТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

				
санайық,	Балаларын Аптаның.	Орындарын табайық	Сен де босқа жатпағын.	Ең үлкен
		> 1	3- 	
басшысы.	Одан кейін Сейсенбі,	Дүйсенбіден жас кіші.	Үшіншісі Сәрсенбі,	Ішінде



				
Бейсенбі,	Балалардың нақ күші.	Жұма – ұлдың ұлысы,	Бар мұсылман сыйынған.	Сенбі
				
жиылған.	Кенже туған баласы –	Жексенбі ғой жігерлі.	Қанша бала санашы,	Атаула

«Ата»



Атам

менің

ардақты,



Ақ

батасын

беретін.



Тілегі

бар

салмақты,



Немереге

сенетін.

«Әже»




Әжем



менің



асыл



адам



айтып



берер



ертегі.



Әжем



барда



жасымаған,








Өмірімнің



ертеңі.


«Балабақаша үйіміз»

		
<p><b>Балабақаша</b></p>	<p><b>үйіміз</b></p>	<p><b>Сені жақсы көреміз</b></p>
 <p style="text-align: right;">4</p>	 <p style="text-align: right;">5</p>	 <p style="text-align: right;">6</p>
<p><b>Үлкен болып</b></p>	<p><b>өскенде</b></p>	<p><b>Еске алып жүреміз.</b></p>

**Біз күштіміз**


 <p>1</p>	 <p>2</p>	 <p>3</p>
<p>Денің сауда</p>	<p>күштісің</p>	<p>бұл әлемде,</p>
 <p>4</p>	 <p>5</p>	 <p>6</p>
<p>Денің сауда</p>	<p>сұлусың</p>	<p>жер бетінде.</p>
		
<p>Сол мықты</p>	<p>денсаулықтың</p>	<p>арқасында,</p>
		
<p>Жетерсің</p>	<p>әлі талай</p>	<p>бақытқа сен.</p>

Дәрумендер



**Дәрумендер**

**тірегің**



**АВС деп**

**аласың.**



**1**

**Жетіспесе**













**бірі оның**

















**ауырып**

**сен қаласың.**

**«Дос болайық бәріміз»**















		
<p><b>Дос болайық бәріміз</b></p>	<p><b>Әрқашан дос, біргеміз,</b></p>	<p><b>Ажырамас іргеміз.</b></p>
		
<p><b>Ілгері жүріңдер,</b></p>	<p><b>Достық жырын біліңдер.</b></p>	<p><b>Ту ғып ұстап бірлікті,</b></p>
		
<p><b>Еңбекті</b></p>	<p><b>сүйіңдер.</b></p>	<p><b>Дос болайық бәріміз,</b></p>
		
<p><b>Жарасып тұр әніміз.</b></p>	<p><b>Тыныштықты сақтаймыз,</b></p>	<p><b>Атсын күліп таңымыз.</b></p>

*Менің елім – Қазақстан*

		
<p><i>Менің</i></p>	<p><i>елім</i></p>	<p><i>Қазақстан,</i></p>
		
<p><i>Бар ғой</i></p>	<p><i>онда бәрі де</i></p>	
		
<p><i>Өзен де</i></p>	<p><i>орман</i></p>	<p><i>көл де бар.</i></p>
		
<p><i>Жайнаған</i></p>	<p><i>сансыз</i></p>	<p><i>қаласы бар.</i></p>
		
<p><i>Жайқалған</i></p>	<p><i>жомарт</i></p>	<p><i>даласы бар.</i></p>

«ҚЫС»



		
Қармен	ойнап балалар,	
		
Далада жүр алысып.		
		
Шана	шаңғы,	конькимен,
		
Бір-бірімен жарысып.	Аққала жасап әбігер,	Ақ қарды ойып күшақтап.
		
Қып-қызыл	алма	беттері,
		
«Қыс жақсы,-дейді,-	түсі аппақ.	

## 2. ЕРТЕГІЛЕР ТОПТАМАСЫ

# Шұбар тауық



# Шұбар тауық

8

Баяғыда бір атай мен әжей күнін эзер көріпті.

9

Екеуінің жалғыз шұбар тауығы болыпты.

10

Тауығы жұмыртқа тауыпты, анау-мынау жұмыртқа емес, өзі алтын жұмыртқа екен.

# Соңы

Бір күні шұбар тауық  
жұмыртқалайды.

Атай ұрып-ұрып жара  
алмапты.

Әжей ұрып-ұрып жара  
алмапты.

Тышқан ерсілі-қарсылы  
зырлап бағыпты, құйрығын  
бұлғап қалады.

Жұмыртқа жерге түсіп  
жарылып қалады.


Кемпір мен шал жылайды.

Тауық сонда жұбатып:  
Жыламашы, аташым!  
Мұнаймашы, әжешім!

*Жұмыртқа* тауып беремін,  
алтын емес жылтылдақ, ас  
боларын-керегін!

**«ЖЫЛ БАСЫНА ТАЛАСҚАН ХАЙУАНАТТАР»**

*ертегісі*



Ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:  
- Мен алысты жақын қыламын.  
Күшімді көреді, сүтімді ішеді,

**Түйе айтады:**

- Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не

**Сиыр айтады:**

- Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық.

**Қой айтады:**

- Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі.

### **Ит айтады:**

- Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді.  
Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін.

### **Тауық айтады:**

- Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай,
- ұйықтап қалар еді.
- Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын.
- Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын.

**Тышқан** не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады:  
- Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз», – деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.



*тығаштың құйрығы не ертегісі*





Күндердің бір күні Жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға:

- Мені Тәңірім сендердің бәрінен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсының жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен патша да бола аласың» деп, жұбатып кетпейсіңдер, – деп, жылайды. Жанды-жансыздың барлығы жыланға аяныш білдіріп, патша етіп сайлайды.

Күндердің күнінде Жыланекен: «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы тұрар едім. Көзіме көрінген тамақты ішпей, дүниедегі жандылардың ең тәтті қандысын жер едім», – деп қиялдайды.

Патша осылардың ішінен Шіркей мен Масаға:

Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жанды-жансыздың қанын сорып қайтыңдар, тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алыңдар.

Дүниедегі ең тәтті зат бұдан былай менің тамағым болатындай етіңдер, – деп, уақыт кесіп, бүкіл әлемді шарлатып жібереді.

Шіркей әлсіздігінен жел болса, шөптің түбіне қашып тығылып, тымықта ыңылдап ән салғансып жүріп, кешігіп қалады. Ал Маса өсімдік пен жандылардың ең тәттісін біліп алып, патшасына қарай әуелей ұшып, әндетіп келе жатқанда, Қарлығаш кез болады. - Иә, Маса досым, патшамызға ең тәтті тамақ іздеп кетті деп естіп едік, таптың ба?

Маса Қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап қатпай, зулай жөнеледі.-Ә, ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып, іздегеніңді тапқан екенсің, достым... Азаматсын өзің! Сенің ептілігіңді, еш нәрседен тайынбайтын бір беттілігіңді білгемін. Осы қасиетіңді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, – деп, Қарлығаш Масадан сыр тарта, мадақтай сөйлейді.

Бұл мақтауға Масаның есі шыға мастанып:

- Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе?

- Е, Маса досым, мен не білуші едім? Сізден денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе?! Сіз патшаның ақылшысысыз. Кәне, төрем, айтыңызшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптыңыз? Маса еліре түсіп:

- Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен.

Маса еліре түсіп: - Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен. «Үм... Адам сияқты ақылды да айлалы жан домаланған сілімтік жарымжанға жем болып қала ма» деп, қарлығаш бір амал ойлайды.

- Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, Маса төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңізге сенер-сенбесімді білмей келем. «Дүниеде тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр түсіп қалады» деп, шешем көп айтушы еді. Кәне, тіліңізді шығарып, мөріңізді көрсетіңізші! Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой.

Бұл мақтауға елірген ессіз Маса:

- Көрсен, көре ғой, байғұс! – деп, тілін ұсынады. Қарлығаш шап беріп,

Масаның тілін жұлып алғанда, ол сөйлей алмай, ыз-ыз етіп, патшасы Жыланға қарай ұша жөнеледі. «Қош, тілің жұлынды. Аузыңа құм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер екенсің?» деген оймен Қарлығаш артынан ұшады. Маса бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ еш нәрсені түсіндіре алмайды Жыланға. -Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба, немесе жынданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? – деп, Жылан тұрғандарға қарайды.

- Өте түсінікті, патшам! – дейді Қарлығаш сонда.

- Түн көрмей кетейін, бірдеңе ұқсам, кәне, түсінсең айтшы, не деп тұр?

- Ызындап ұшып жүріп, бүкіл әлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өзі өсіріп шығарған топырақтан басқа еш нәрсені таппадым, - дейді патшамТілі сөйлеуге жарамаса да құлағы сау Маса мұны естігенде, жаны шығып кете жаздайды.

Ол ызындап кеп, Қарлығашқа екі-үш рет тиіседі де Жыланның алдына барып жылап жібереді - Ө, э, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің ғой, – деп, Жылан Қарлығашқа атылып кеп кетеді. Қарлығаш ұша жөнеледі.

Жылан ұша жөнелген Қарлығаштың құйрығын ғана тістеп қалады. Жылан содан былай топырақ жалап, ал Маса ызылдап қалады. Адам жыланды көрсе өлтіріп, басын езегін болады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтып, үйдің төбесіне ұя салады, бірақ оның құйрығы кем, екі айырық, болып қалады.



## 7 лақ және қасқыр




4



7 лақ  
және  
қасқыр

- Шырақтарым, ешкімге есік ашпаңдар. Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде -«Шырақтарым - лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді», - деп әндетемін.

5



Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты.

Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды.

6



Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен.

Қасқыр даусын жіңішке қылып:  
«Шырақтарым - лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді».  
Қорықпаңдар, есік ашыңдар!», - деп алдайды.

7



Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады:

Лақтар сеніп есік ашады. Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан - жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды.





Тек біреуін ғана байқамай қалады ол лақ тығылып қалады. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп ұйқыға кіріседі. Ұзамай ешкі үйіне оралды.

Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді.

Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді.

Бәріде аман - есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады.

## «Шалқан» ертегісі



## «Шалқан» ертегісі

Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады.

Шалқан үп-үлкен боп өседі.  
Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады.  
Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.

Шал көмекке кемпірін шақырады.  
Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.

Кемпір көмекке немере қызын шақырады.  
Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады.  
Тағы да суырып шығара

Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері

Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды.

Мысық болса, тышқанды шақырады.  
Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды.

# «Бауырсақ»



# «Бауырсақ»

Ертеде бір Шал мен Кемпір болыпты. Кемпір бір күні қаймаққа нан илеп, оны майға қуырып бауырсақ пісіріпті. Оны терезенің алдына суытып қойыпты.

Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа домалайды.

Одан әрі, одан әрі домалай береді,  
домалай береді.

Бір кезде оған Қоян жолығып:  
- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді.  
- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін:  
«Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ!  
Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем,  
терезеде суығам.  
Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпаймын Қоян

, терезеде суығам.  
Содан Бауырсақ қара жолмен домалап кете барады. Қасқыр кездесіп, оның да жегісі келеді.  
Бауырсақ өзінің әнін Қасқырға айтып беріп, одан әрі домалай береді.  
ған өлең айтып беремін:  
кеттім Атама, ұстатпай кеттім

Бір кезде Аю жолығады:  
- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді ол.  
- Сендей майтабанға мені жеу қайда? Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме, Қоян менен Қасқырға ұстатпағам ендеше.  
- Ал сендей ұстатпаймын мүлде де! Сөйтіп домалай жөнеледі. Аю тек көзімен шығарып салады.

Бауырсақ домалағаннан домалап келе жатса оған Түлкі жолығады:  
- Бауырсақ, Бауырсақ, қайдан домалап барасың? - дейді ол.  
- Жолмен домалап барамын.  
- Бауырсақ, Бауырсақ, маған өлең айтып берші!.-  
Содан Бауырсақ: «Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ!Қаймаққа иленген, майға пісірілгем, терезеде суығам.БҚ Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам.  
ауырсақ домалағаннан домалап келе жатса оған Бауырсақ домалағаннан домалап келе жатса оған

,Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға.  
Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де!» деп өлеңін айтып береді. Түлкі оған:  
- Әнің өте жақсы екен. Бірақ жөнді ести алмай тұрғаным. Бауырсақ, сен менің тұмсығыма шық та, әнінді тағы бір рет қаттырақ айтшы, - дейді.  
Бауырсақ Түлкінің тұмсығына домалап шығып алып бар даусымен әнін айтады.  
Сол кезде Түлкі ұстап алып, Бауырсақты жеп қояды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 27.07.2007ж., № 319-III ҚРЗ. Астана. Ақ Орда.
2. Жүсіпәлиева М, Бала мен балабақша. Республикалық педагогикалы Журнал. №6, 2015.-11 б.
3. Т. Б. Полянская, Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста, 2009-224 б.
4. Большева Т. В. Учимся по сказке. Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники, 2001-16 б.
5. Громова, О.Е., Соломатина, Г.Н., Савинова, Н. П. Стихи о временах года и игры. Дидактические материалы по развитию речи детей 5 - 6 лет. Москва, 2005.
6. Гурьева Н. А. Год до школы. Развиваем память: Рабочая тетрадь упражнений по мнемотехнике. СПб., 2000.
7. Кислова, Т.Р. По дороге к азбуке. Москва "Баласс", 2002.
8. Малетина Н.С., Пономарёва Л.В. Моделирование в описательной речи детей с ОНР / Дошкольное воспитание. 2004.№6. С. 64-68.
9. Омельченко Л.В. Использование приёмов мнемотехники в развитии связной речи / Логопед. 2008. №4. С.102 -115.
10. Ткаченко Т.А. Использование схем в составлении описательных рассказов / Дошкольное воспитание.1990. №10. С.16-21.
11. Фалькович, Т.А., Барылкина, Л.П. Развитие речи, подготовка к освоению письма. Москва "ВАКО", 2005.
12. Широких Т.Д. Учим стихи - развиваем память / Ребёнок в детском саду. 2004. №2. С.59-62.
13. Шорыгина, Т.А. Стихи и сказки о родной природе. Москва, 2005.
14. . Жанаев Н. Доп / Әліппе серігі. – Алматы кітап 2003 – 21 б.
15. Есдәулетов Ұ. Қарындаштар / Қазақ тілі. – Алматы, 2015 – 22 б.
16. Қадыр Мырза Әли.Досым екеуміз/Әліппе серігі – Алматы кітап, 2003.

17. Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тілді үйрету бағдарламасы  
Астана, 2015 – 32 б.
18. <https://www.uniface.kz>
19. <https://www.google.com/url?sa=i&url=https>
20. Большева Т.В. Учимся по сказке. Развитие мышления дошкольников с помощью мнемотехники: Учебно-методическое пособие. 2-е изд. испр – ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2005 – 96 с.
21. <https://melimde.com/kursti-jmis-tairibi-mekteptegi-bilim-beru-mazmni.html?page=7>
22. Гурьева Н.А. Год до школы. Развиваем память. Рабочая тетрадь упражнений по мнемотехники. – СПб.: Светлячок, 2000.